



№2 (9889)

7 қантар,

сенбі

2023 жыл

Газет

1934 жылғы

10 қаңтардан

бастап шығады.

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жалағаш

Жаршысы



Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасының кеңесшілері сервистік және ақпараттық қызмет көрсетуден республика көлемінде алғашқы үштікте. Мәселен, былтыр олар 2 549 азаматқа 8 мыңнан астам кеңес беріп, тоғыз жүзге жуық кәсіпкерге 949 сервистік қызмет көрсеткен.

Кеңесшілер 3,5 мыңға жуық азаматқа қызмет көрсеткен



Қызылорда қаласы мен аудандарда Палата жанынан Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарының құрылғанына биыл 9 жыл. Барлық орталықта арнайы кеңесшілер жұмыс істейді. Кәсіпкерлер палатасының директоры Пірімхаммед Сыдықов Палата кеңесшілері барлық ауданда және қалада кәсіппен айналысуға ниетті жандарға кеңесін айтып, бағыт-бағдар беріп жатқанын жеткізді. Оның сөзінше, 9 жылда 91 мыңнан астам кеңес беріліп, кәсіпкерлерге 13,6 мыңнан астам сервистік қызмет көрсетілген. «Бұл жердегі сервистік қызмет дегеніміз кәсіпкерлердің бухгалтерлік есептерін тапсыру, бизнес жоспарларын әзірлеп беру, рұқсат құжаттарын алуға сүйемелдеп, келісімшарттарын дайындау секілді басқа да қызметтер» дейді ол.

Палата кеңесшілерінің жиі көрсететін қызметі – бизнес жоспар жасау. Былтыр кеңесшілер жалпы құны 3,4 млрд теңгені құрайтын 448 жобаға жоспар әзірлеп берген. Бизнес өкілдері жүгінетін келесі қызмет түрі – бухгалтерлік, салықтық есептер. Өткен жылы мамандар 186 кәсіпкердің есептерін тапсырған. Сұранысы жоғары қызметтердің үштігін құқықтық мәселелерге қатысты қызметтер түйіндейді. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығында 153 кәсіпкер құқықтық құжаттарын жасатқан. – Қазір жылды қорытып, өзге өңірлердегі әріптестерімізбен көрсеткіштерімізді салыстырып жатырмыз. Кеңесшілердің көрсеткен қызметтерінің көрсеткіші бойынша Қызылорда облысы республика көлемінде алғашқы үштікте. Сервистік қызмет бойынша Астана қаласынан кейінгі II орындамыз, ақпараттық қызмет бойынша III орында, – деді Палата басшысы. Былтыр желтоқсанда «Атамекен» ҰКП барлық өңірдегі кеңесшілерді аттестациядан өткізді. Бұл шарада Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасының кеңесшілері үздік үштіктер сапынан көрінді. Қаржылай емес қолдау қызметтерін алғысы келетін кәсіп ашуға ниетті азаматтар мен кәсіпкерлерге Палата кеңесшілерінің есігі қашанда ашық. Кәсіпкерлер палатасының барлық ауданда филиалдары бар.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

БАСПАСӨЗ – 2023

ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!



«Сыр медиа» ЖШС басылымдарына 2023 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу өлі де жалғасуда.

Ел жаңалығын білгіңіз келсе, сүйікті газетіңізден қол үзеңіз.

Индекс	Басылым атауы	Жазылу мерзімі	Бағасы
65460	Сыр бойы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3500 тг
15460	Сыр бойы (мекеме үшін)	6 ай	4500 тг
65461	Қызылорда облысы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3500 тг
15461	Қызылорда облысы (мекеме үшін)	6 ай	4500 тг
65425	Ақмешіт жастары (мекеме мен жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2000 тг
65463	Ақмешіт апталығы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2500 тг
15463	Ақмешіт апталығы (мекеме үшін)	6 ай	3500 тг
65019	Жалағаш жаршысы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2500 тг
15019	Жалағаш жаршысы (мекеме үшін)	6 ай	3500 тг
65878	Халық (мекеме мен жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3000 тг

СҮЙІКТІ БАСЫЛЫМЫҢИЗҒА ЖАЗЫЛУҒА АСЫҒЫҢИЗ!

Бәрекедді!

Қас-қағым сәттегі қайсарлық

Біз қазақтың бойындағы тектілікті, батыр-баһадүрлеріміздің ерлігін сөз еткенде кешегі тарихтан белгілі қазақ әйелдерінің, ардақты аналарымыздың да қысылтаяң кезеңдерде табандылық танытқанына тоқталмай өтпейміз. Өйткені қазақ әйелдерінің арасында да ерлермен қатар атқа қонып, ел мен жерді алақөздерден қорғаған, отбасындағы бірлік пен берекені сақтай отырып, ерге тән істерде де тартынып қалмаған қырықшырақты нәзікжандылар болды. Сонау Болай ханым, Томирис патшайымнан бастау алып, кешегі 86-ның қырғынында қаны суық шабармандарға қасқайып қарсы тұрған қаракездеріміздің есімі, ерлік ісі жадымызда жаңғырып тұр. Оларды әсте ұмыту мүмкін емес.

Әңгілемізді қазақ қыздарының, әйелдерінің қайсарлығынан бастағанымыздың жөні жоқ емес. Бүгінгі бейбіт заманда да біз айтқан қазаққа тән тектілікті тарихымызда ойып тұрып орын алған осындай тарихи тұлғалардың ізін жалғаған текті ұрпақ дәлелден келеді. Тіпті ер азаматтардың ерлігі былай тұрсын, кейде оқыс оқиғалар орын алғанда жасөспірімдер мен балалар да сын сағатта сынып қалмай, табандылық танытып жатады. Мұндай қас-қағым сәтте қабылданған дұрыс шешімнің арқасында қанша жан апаттан аман қалып, қанша отбасыны құдай сақтап қалды десек те болады. Жалағаштықтар дәл осындай оқыс оқиғаның куәсі болып, жұдырықтай жүрек иесінің жанталасып жүріп бауырларын тілісіз апаттан аман алып қалғанын әлі күнге айтып жүр.

Ауданға қарасты Аққұм ауылындағы тұрғын үйден шыққан ерт егер Мерейдің қайсарлықпен жасаған әрекеті болмағанда бір үйдің үлдір бірдей балаланың жалмайтын еді. Иә, расында Алла сақтады, көрер жарығы бар деген осы болар. Қас-қағым сәтте қайсарлық танытқан қаршадай қыздың ерлігіне сүйсінген біз де отбасына хабарласып, оқиғаның қалай орын алғанын білуге тырыстық.

– Біз отбасымызбен бөлек шығып, ауылдан шағын баспана тұрғыздық. Ел қатарлы өмір сүріп жатқан адамдармыз ғой. Әйтеуір сол оқиға орын алар күні көрші үйдің газ баллоны таусылып, соны

өкеп беруге өтініш айтқан еді. Мен де қарсы болмай, балалардың сыртынан құлыптап кете бергенмін. Келіншегім де мектепте уақытша жұмыс істейтін. Дәл сол уақытта үйдегі электр тоғынан ұшқын пайда болып, ол өртке ұласқан. Осы сәтте үлкен қызым Мерей пластик терезені ашып, бойы жетпеген соң астына шай ішіп жүрген үстелді қойып, алдымен бірінші сыныпта оқитын інісін шығарып жіберген. Ал ол көшеге шығып, көмек сұрапты. Оған дейін Мерей екі сіңілісін құтқарып үлгерген, – деген әкесі Наурызбек Назаров Мерейдің сол сәтте бесікте жатқан 9 айлық ең кіші сіңілісін де бесіктен шешіп, терезеден алып түскенін айтты.

«Жазатайым жағдай көз келген уақытта орын алуы мүмкін, сондықтан балаларды жалғыз қалдырмауға тырысу керек екен» деген аққұмдық азамат қызының қайсар әрекетіне риза болғанын жасырмады. Ал небары екінші сыныпта оқитын Мерей бауырларын аман алып қалғаны үшін ата-анасының шексіз риза екенін айтады. Бала ғой, ол үшін ата-анасының қуанышы мен жылы сөзі бәрінен жоғары болып тұр. Сонда да ойланамыз, таңғаламыз, кіп-ішкентай ғана баланың аяқасты тапылдаған жалыннан жасқанбай, абдырап қалмай, керісінше ақыл-ойын іске қосып, терезені ашып шығуға әрекет жасағанын айтсаңызшы?! Кейде мұндайда ересек адамның өзі жылдам шешім қабылдап, әрекетке көшудің орнына сасқалақтап,



тапжылмай қалатыны белгілі ғой. Ал Мерейдің қас-қағым сәтте қайсарлық танытуы көптің қолынан келе бермейтін ерлік деуге болады.

Айтпақшы, қайсар қызымыз болашақ мамандығында таңдап қойыпты. Ақхапатты абзал жан атанып, дертіне дауа, жанына шипа іздегенге қолұшын беремін дейді. – Мен қазір 2 сыныпта оқимын. Жақында Астана қаласына арнайы шақыртып, барып қайттым. Сол кезде үлкен ағайлар құттықтап, маған медаль тақты. Қатты қуандым, әкем мен анам риза болды. Мектептегі ұстаздарым мен сыныптас достарым да мені құттықтап, тілектерін айтты. Одан кейін өрт сөндіруші ағалар Жаңа жыл мерекесіне сыйлық беріп қуантты, – дейді Мерей.

Ал кішкентай қаһарман қыздың әкесі ауылдағы А.Бисенов атындағы №38 орта

мектеп ұжымының қолдауымен Мерей жақында Астана қаласына барып келгені, Мәдениет және спорт министрі бауырларын құтқарған кішкентай қызға арнайы төсбелгі тағып, ноутбук сыйлағанын жеткізді. Төрт баланың әкесінің әу бастағы мамандығы – дене шынықтыру пәнінің мұғалімі. Бірақ денсаулығына байланысты жұмысқа жарамсыз. Бүгінде жұмыссыз отыр. Ал жұбайы Гүлмира ауыл мектебінде уақытша жұмыс істейді екен. Қарапайым ғана ауыл адамдарының пейілі қандай көң десеңізші?! Қазақы тәрбиенің нағыз қаймағын осы ауыл адамдарынан көреміз ғой. Ал Мерейдей қайсар қызды осындай ақылды әрі саналы етіп тәрбиелеп келе жатқан ата-ана көпке үлгі етуге тұрарлықтай.

Н.АЛМАСҚЫЗЫ

Серпін

Кәсіпкерлік қанат жайып келеді



Ел дамуына серпін беретін сала – кәсіпкерлік. Аталған сала жанданса, жұмыссыздық та төмендеп, халықтың тұрмыс сапасы жақсарады. Осы мақсатта кәсіп ашуға ынталы азаматтарға мемлекет тарапынан жан-жақты мүмкіндік жасалып отыр. Тек сол мүмкіндіктерді қажетіңе қарай тиімді пайдаланып, жоспарыңды жүзеге асыру және кәсібіңді жүйелі жүргізу керек.

Ауданда жыл өткен сайын кәсіпкерлер қатары күрт көбейіп келеді. Кәсіпкерлердің көбеюі бәсекеестік орта қалыптастырады және соның нәтижесінде халыққа қызмет көрсетудің сапасы артады. Айталық, ауданымызда ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп өнімдерін өндіру жылдан-жылға жақсарып келеді. Барлығы болмағанымен кәсіпкерлік бағытта жұмыс істеп отырған азаматтар сырттан келетін тауарларды ығыстырып шығара бастады. Яғни аудан тұрғындарының жергілікті өнімге деген сұранысы артып келеді. Біріншіден бағасы арзан, екіншіден, экологиялық таза өнім.

Алдымен ауыл шаруашылығы өнімдерін алайық. Соның ішінде күріштен бөлек, өзімізден өсіп-өнетін бау-бақша дақылдары маусымдық кезеңдерде сұранысқа ие. Тіпті мемлекеттік қаржылай қолдауының арқасында жылжымай ашып, халыққа қыс мезгілінде де қажетіңізе көкөніс жеткізіп отырған кәсіп иелері бар. Одан бөлек кәсіпін кеңейткен азаматтар мал асырап, ауданды ет-сүт өнімдерімен қамтамасыз етіп келеді. Ал жеке кәсіпкер, «Өркен Әлем» ЖШС төрағасы Жақсылық Өзденбаев жылда мемлекеттік тапсырыс шеңберінде Қазақстан Республикасы қарулы күштерінің әскери киім-жабдықтарын тігеді. Қазірде «Серпін» индустриялды аймағында орналасқан тігін цехында жүзге жуық жұмысшы бар. Сонымен бірге Дәуімбай елді мекенінде орналасқан «Агрохимсервис-С» ЖШС-ға қарасты зауыт тыңайтқыштар және құрамында азот бар құрамаларды өңдеп шығаруда. Бұл ауданымыздағы егінмен айналысып отырған шаруашылықтар үшін тиімді. Ал кентіңіз шығысынан салынған күн электр станциясы 15 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр.

Айта кетейік, инвестор ретінде «Номад

Солар» серіктестігі құрылысын жүргізген станцияда күн сәулесінен қуат алатын құрылыстарды орналастыру үшін 164 гектар жер телімі бөлінген. Ал аудан халқының ауызында жыр болып жүрген мия зауыты жадым арада қайта іске қосылады. Он жылға жуық жұмысы тоқтап тұрған зауыт төңірегінде ел аузында түрлі өңгіме тарады, тұрғындардың көкейінде сан сауал тұр. Сол үшін сөз шегініп, тоқтала кеткеніміз жөн. «БисГрупп» ЖШС-ның жалпы құны 1,8 млрд теңгені құрайтын «Қызыл мия тамырын өңдеу зауыты» 2013 жылы «Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық даму жөніндегі» мемлекеттік бағдарламасы аясында өңірлер кәсіпкерлігін қолдау өңгізіліп, 2014 жылдың желтоқсан айында құрылыс жұмыстары толық аяқталып, пайдалануға берілді. Аталған жоба қытайлық «Борихунда» компаниясы және «Бис Групп» ЖШС есебінен жүзеге асырылған. Мемлекеттік қолдау шарасы ретінде зауытты орналастыру үшін 8,75 гектар жер телімі тасталған болатын. Алайда үлескерлердің арасында өзара келіспеушілік туындап, зауыт жұмысы 2017 жылға дейін тоқтап қалды. Бірақ сол жылы облыс әкімінің ықпалымен аталған зауытқа құны 115 мың АҚШ долларын құрайтын қондырғылар орнатылып, іске қосылды. Зауыт екі жылда 35 тонна өнімді (қара ұнтақ глицирризин қышқылы) Қытай мемлекетіне экспорттады. Одан кейін зауыт өнімінің құны әлемдік нарықта бірнеше есеге төмендеп кетуінің өсерінен зауыт жұмысы тағы тоқтады. Енді міне, былтыр Қытайдан арнайы мамандар келіп, зауытты толық жөндеп, реттеді. Тауа күндері қайта жұмысын бастайды.

Аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің бізге берген мәліметі

бойынша қазірде зауыттың шикізатына пайдаланатын 1 200 тонна мия тамырының қоры бар екен.

Ауданымызда ұмытылып бара жатқан бабалар кәсібі қолөнер де дамып келеді. Жас кәсіпкер Жылбек Қуаныш бүгінде бірнеше бағыт бойынша кәсібін жүргізіп жатыр. Атап айтсақ, ешкі сүтінен және түрлі иіссұлардың қоспасынан баламасы жоқ сабын жасауды қолға алған. Одан бөлек ағаштан, былғарыдан жасалған сыйкәделер, түрлі бұйымдар және киіз үйдің жабдықтарын тоқып, қыз жасауын тігеді. Жас кәсіпкер бірнеше мәрте қайтарымсыз мемлекеттік грант жеңіп алып, кәсібін ұлғайтқан. Сол секілді жергілікті кәсіпкер Қанат Ермек құрылыс нарығында жоғары сұранысқа ие полистиробетон шығара бастаса, Ерхан Наумарадин химиялық тазалау жобасын қолға алған. Булардан бөлек жыл сайын сауда орталықтары ашылып, халыққа сапалы қызмет көрсетудің бәсекесі артты. Өткен жылы көңт орталығынан ашылған «Халық» сауда үйі де киім алу үшін облыс орталығына сабылатын аудан тұрғындарының қажеттілігін өтеп отыр.

Аудан әкімі өткен жылдың соңында халыққа ауданымызда атқарылған жұмыстар бойынша есеп берді. Сонда осы кәсіпкерлік саласы да қамтылды. Соны тағы да бір еске түсіргеннің артығы жоқ.

2022 жылдың 10 айында аудан бойынша тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 3 023 бірлікті құраған. Оның ішінде 2 845-інің нақты жұмыс істеп тұрғаны айтылды. Яғни 94,1 пайызының нәтижесі бар. Ал түрлі себептерге байланысты 178 кәсіпорын жұмысы тоқтап тұр.

Аудандағы өнеркәсіп өнімдерін өндіруші мекемелер мен кәсіпорындар және жеке

секторлары арқылы 2022 жылдың 1 қарашасында 20 млрд 436 млн теңгені құрайтын өнеркәсіп өнімдерін өндіріп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,1 есе жоғары орындалған. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібінің көлемі 8 млрд 489 млн теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 129,6 пайызға артып отыр. Бұл – жоғарыдағы «ауданымызда кәсіпкерлік саласы жыл өткен сайын өркендеп келеді» деген сөзіміздің дәлелі.

Аудан бойынша бөлшек сауда айналымының көлемі 10 айда 2 млрд 394,2 млн теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 102,4 пайызға орындалған. Ал негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 2022 жылдың 10 айында 7 млрд 205 млн теңгеге шығып, өткен жылмен салыстырғанда 100,5 пайызды құрады.

Айта кетейік, былтыр жыл қорытындысымен бюджет қаражаты есебінен 2 млрд 180,8 млн теңге және меншікті қаражат есебінен 8 млрд 219,2 млн теңге, жалпы көлемі 10 млрд 400 млн теңге инвестиция тарту жоспарланған. Бұл жоспар жүзеге асқанда аталған салаға жаңаша серпін беретіні анық. Сол секілді мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында шағын және орта кәсіпті бастау немесе жұмыс істеп тұрған кәсіпін әрі қарай дамыту бағытында аудан бойынша жыл басынан 428 жоба 2 млрд 775 млн теңгеге қаржыландырылып, 435 жаңа жұмыс орны ашылған. Одан бөлек 401,4 млн теңгенің 34 жобасы микроқаржы ұйымдарымен екінші деңгейлі банкттердің қарауына ұсынылды. Жалпы былтыр аудан бойынша 833 млн теңгенің 22 жобасы іске қосылып, 123 жаңа жұмыс орны ашылған. Қайталап айтайық, ірілі-ұсақты 123 жұмыс орны ашылған. Бұл – бір ғана кәсіпкердің емес, халықтың игілігі. Яғни кәсіпкерлік саласының жандануымен бірге жұмыссыздықпен күресу де оң нәтиже беріп отырғанын айтуға болады.

Қуат АХЕТОВ

ДЕНСАУЛЫҚ



Соңғы жылдары аудандық ауруханада ем алып, дертіне дауа тапқандардың ішінде алақаны аялы абзал жандарға алғыс айту мақсатында редакцияға ат басын бұратындардың қатары артты. Әсіресе мұндай жағдайлар көшегі аты жаман індет белең алған шақта көбейген. Расында денсаулық сақтау саласында қажырлы еңбек етіп, антына адалдық танытқан жалағаштық дәрігерлердің ол тұста дертпен қалай күрескенін көзімізбен көрдік. Шама-шарқымызша кейбірінің біркүндік жұмысын еңбегімізге арқау еткен кездер де болды. Қазір шүкір ғой, тәжтажалдың таралуына әзірге тосқауыл бар. Бірақ әр мезгілде адамдарды әбігерге салатын маусымдық кеселдердің барын да қаперден шығармау керек.

Алғыс арқалаған ұжым

Қазір қыс мезгілі. Әдетте бұл уақытта адамдардың көбі тұмау мен ЖРВИ-ға шалдығып, денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің жұмысы қайта күрделенетін. Дәрігерлер де тұмауға жеңіл-желпі кесел деп қарауға болмайтынын ескертеді. Быыл аудандағы ахуал қалай? Аталған дерпен күресте мамандар басқа қандай кеңес береді? Дерттің алдын алу үшін қарапайым халыққа қайтпек керек? Осы сауалдардың түйінін тарқату мақсатында бейсенбі күні орталық ауруханаға ат ізін салған жайымыз бар.

Қазір шынында дерттің өршіп тұрған кезі болса керек, елдің көбісі емханада жүр. Үшінші қабатқа көтерілдік, мұнда да дәл сондай. Бас дәрігер бөлімдерді аралап, науқастардың хал-жағдайын білуге кетіпті. Мұндағы абзал жандардан рұқсат алып, артынан біз де аттандық.

«Талай трактор көрдік» депті ғой ауылдағы бір механизатор ағамыз. Сол сияқты талай бас дәрігер көрдік, көбісінен сұхбат алдық. Бірақ бұған дейінгі ауданның

өзім қайта-қайта басымды иіп қоямын. Сол дәрігер айтқан кеңестердің бірін орындамағанның кесірінен әлі өз-өзімізге келе алмай жүрміз ғой.

— Кенжеке, болсақ жүрейік, — деді Еркебулан Мақсұтұлы.

Соған қарағанда осымен жұмысы біткен болуы керек, енді кабинетінде кең диалог орнататын болдық қой деп ойладым. «Баққаным бақа болды» дегендей, мұнан кейінгі Ерекеңнің жұмысы алдымыздағы науқастар жатқан бірнеше палатада жалғасты. Бұл бір кабинет төңіректейтін басшының сұрпынан емес екен. Бірақ риза болдық. Біз келгенге дейін қабақтары түнеріп отырған палатадағы науқастардың маңдайы шайдай ашылды. «Дәрігердің сөзінің өзі дертке шипа» дегенді бас дәрігер маған бүгін тура мағынасында түсіндірді. Мейлінше маман ретінде ақылын айтады, қажет деп тапса, кейбіріне емдік шарасын да көрсетіп жатыр. Басшысының өзі осындай ұжым жайлы қалай теріс ой түйе болады. Елдің мұндағы абзал жандарға алғыс айту

Балалар арасында пневмония, ЖРВИ диагноздарымен аурухананың балалар бөлімі мен жұқпалы аурулар бөлімінде ем қабылдап жатқандар жетерлік. Тіпті маусымдық аурулардың көбеюіне байланысты облыстық денсаулық сақтау басқармасының бұйрығы бойынша жұқпалы аурулар бөліміне балаларға арналған қосымша 25 төсек орын берілген. Бүгінге күнде аурухананың балалар бөлімінде 27 бала, жұқпалы аурулар бөлімінде 29 бала, 10 ересек адам ем алып жатыр.

—ЖРВИ диагнозы бойынша жүкті әйелдер, егде жастағы кісілер мен жасөспірімдер ауруханаға көптеп түсуде. Маусымдық аурулардың өршуіне байланысты ауырған жағдайда дәрігерге көрініп, дәрігер берген нұсқауларды мұқият орындау қажет. 2022 жылдың қорытындысы бойынша жұқпалы аурулар бөлімінен 1028 бала ем қабылдап шықты. Әлі де тұмау мен ЖРВИ өршіп тұр, — дейді Еркебулан Мақсұтұлы.

Тұмау және жіті респираторлық вирустық инфекция қыстың салқынында қозып, ауру тез тарай бастайды. Ауру жұқтырған адамда жөтел, жалпы әлсіздік, дене қызуының көтерілуі пайда болады. Тұмау және ЖРВИ жоғары тыныс жолдарын зақымдап, ағзаны улайды.

Қазіргі таңда ЖРВИ қоздырушы 200-ден аса вирустың түрі анықталған. Бұл кесел тыныс жолдарың жүйке жүйесің құлақ және басқа да ағзаларды зақымдауымен қауіпті.

Бас дәрігер балалар арасындағы сырқаттану ересек адамдарға қарағанда 4-5 есе жоғары болатынын айтады. Соның ішінде 5 жасқа дейінгі балалар арасында тұмау және ЖРВИ ауыр жағдайда өтіп, асқынұлар туындауы да әбден мүмкін екен.

— Иммунитеті әлі де жетілмеген және жүйке жүйесі толық қалыптаспағандықтан балаларда асқынұ жағдайлары жиі кездеседі. Осы ауруларға шалдығу мүмкіндігі мектепке дейінгі балалар мекемесі және мектепке баратын балалар арасында жоғары болады. Себебі үлкен ұжымдарда инфекция тез таралады. Сондықтан оның алдын алған абзал, — дейді Еркебулан Мақсұтұлы.

Жіті респираторлық вирусты инфекциясы мен тұмау — әлемдегі ең өзекті медициналық, әлеуметтік, экономикалық мәселенің бірі. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне сүйенсек, жылына әлемде 3-5 млн-ға жуық адам тұмаудың ауыр түріне шалдығып, 250-500 мың адам көз жұмады екен. Індет көбінесе 5 жасқа дейінгі балалар мен егде жастағы азаматтарда тіркеледі. Соның ішінде тұмау түрлі вирус салдарынан жоғарғы тыныс жолдарының зақымдалуымен және ағзаның улануымен сипатталады.

Еркебулан Мақсұтұлы ЖРВИ мен тұмауды емдеудің өз ерекшеліктері барын жасырмайды. Ол үшін уақытылы дәрігерге жүгіну маңызды рөл атқаратын көрінеді.

Екпе жасау тұмаудың алдын алудағы анағұрлым тиімді әдіс болып табылады. Жыл бойы ағзаны нығайту, әсіресе күз бен қыстағы инфекцияның өршу алдында қорғаушы иммунитетті нығайту керек. Аурудың алдын алу үшін ағзаның вирустарға қарсы туруы үшін салауатты өмір салтын ұстану, бетперде тағу, қоғамдық орындарға барған соң қолды тазалап жуу, жөтел кезінде ауызды жабу, ғимаратты жиі тазалау мен желдету сынды санитарлық-гигиеналық режімді ұстану керек. Бетпердені ауырған адам да, қасындағы азаматтар да тағуы тиіс. Ал көкөніс, жеміс-жидек немесе құрамында жеткілікті дәрумендер бар басқа өнімдерді, әсіресе аскорбин қышқылын пайдаланудың да маңызы жоғары екен. Адам көп шоғырланған орындарға бармауға, мүмкіндігінше қоғамдық көлікпен емес, жаяу

жүрген жөн. Жөтел мен түшкіру кезінде вирус 10 метр қашықтан да таралатынын есте сақтау керек.

Тұмаудың өршуі кезінде вирустан қорғанудың маңызды компоненттерің атап айтқанда, дәруменге бай азық-түлікті пайдалану, қажетті мөлшерде су ішу мен тынығу қажет екенін. Дәрігердің кеңесіне құлақ ассақ, тұмаудан сақтану салқын тигеннен болатын аурудың алдын алу мезгілдік тұмау індеті кезінде ғана емес, азаматтар әрқашан өз денсаулығына күтіммен қараған уақытта ғана нәтижелі жүзеге асатынын Ерекең қаперге салды. Сонымен қатар тиімді тамақтану, саламатты өмір салтын ұстану, ағзаны шынықтыру мен спортпен айналысу ағзаның иммунитеттің дәрежесін көтереді екен.

Бұл кесел адамға жөтелген, түшкірген кезде ауа тамшысы арқылы да тез жұғады. Тұмаудың алғашқы белгілерінде дене қызуы 40 градусқа дейін көтеріліп, қалтырау, әлсіздік, көз қарығу, буынның және бұлшық еттің бастың ауруы, тамақтың жиырылап, ауырсынуы, жөтелу, мұрынның бітелуі байқалады. Осыдан адам еңбекке уақытша жарамсыз болып қалады.

Тұмау 5-10 күнге дейін созылады. Осы кезде дер кезінде емделмесе ауру асқынұ мүмкін. Ал асқынған ауру екпе қабынуына, отит, гайморит кеселдеріне алып келеді. Сол себепті аурудың алғашқы белгілері байқалысымен дер кезінде медициналық көмекке жүгінуіңізді маңызды зор.

Жоғары айтылған жай сөз емес, мұны маманның кеңесі немесе жанайқайы деп түсінген дұрыс. Енді қайтсін, барлық палаталық толы, мұндағылардың басым бөлігі аталған дерттен айығу мақсатында ем алып жатыр. Ауылдық елді мекендерде де қазір тұмау өршіп тұр екен. Сондықтан біз жай маман емес, бас дәрігердің кеңесіне құлақ асуымыз керек.

— Біздің міндет — аудан халқының денсаулығына тәулік бойы қызмет ету. Мейлінше осындағы антына адап әріптестерімді соған жұмылдырып жатырмын. Осы мақсаттағы жұмысымызда жүйе бар. Бірақ оған тоқмәйісін біз жоқ. Мейлінше елдің қажетіне жарасақ, алғысын алсақ, біз үшін одан асқан баға жоқ. Тағы да қайталап айтамын, қазір тұмау мен ЖРВИ-дің өршіп тұрған шағы. Сондықтан баршамыз мейлінше қауіпсіздік талаптарын сақтанғанымыз дұрыс. Дертпен күрескеннен оның алдын алған баршамызға тиімді ғой. Жаңа аталған кеселден қорғанудың жолдарын мейлінше айтып жатқаным сондықтан, — дейді бас дәрігер.

Иә, оларға елдің алғысынан жоғары баға жоқ. Болмаса басшысынан бастап науқастардың ортасында жүрер ме еді. Біз бұған Ерекеңнің бір күндік жұмысында көз жеткіздік. Елдің ортасында жүріп, халықтың қажетіне жарағандардың жаман болғанын әзірге көргеніміз жоқ, көрсетпесін де.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ



бас дәрігерлерін көбінде кабинетінде ұстайтынбыз. Ал жұмыс орында болмаса, әріптестері облыс орталығында жиналыста дейтін. Оның арғысын қазалап жатқан тағы біз жоқ.

Не керек, осылай ой бағып келе жатқанмын. Алдымыздағы оң жақ қаптадағы науқастар жатқан палатадан шыққан дауыс белді ойымызды.

— Абайламасақ болмайды, біз қолымыздан келгенше сіздерге емдік шара көрсетеміз, дертіңізбен күресеміз, бірақ адамдар да «сақтансақ, сақтайтынын» түсіну керек, — дейді белгісіз біреу.

Қасымдағы медбике: — Сізге редакциядан адамдар келіп тұр, — деді.

Оның ауданның бас дәрігері Еркебулан Мақсұтов екенін сонда ұқтым.

Аман-саулық сұрасып болғаннан кейін осында келгенше барлық палатада адамның көптігін мензеп, Ерекеңді әңгімеге тарттым. Қолындағы баланы орынына жайғастырып: — Иә, қазір тұмау өршіп тұр. Ол жайында жұмыс сәл саябырсығанда дұрыстап сөйлесерміз, — деді.

Талай науқасты дертінен айықтырған дәрігерге құлақ аспауға амал жоқ. Өзі ісінің маманы, оның үстіне жұмысында, бас дәрігер емес, тура бір қарапайым медицина қызметкері сияқты. Әр науқастың күнделікті жағдайын сұрайды, маман ретінде ақылын тағы айтады. Тыңдап отырсаң сөзінің жаны бар. Қаңтардың екіншісіміз де бір құлап алдық. Ерекең әлгі науқастарға, баламен жатқан ата-аналарға ақыл айтқан сайын оларды қайдам, бергі жағында тұрып,

мақсатында редакцияға ағылатындай реті бар екен.

Иә, бұл — 30 мыңнан астам халықтың, яғни тұтас бір аудан жұртының тәулік бойы денсаулығын күзеткен ұжым. Антына адал абзал жандардың жұмысында жүйе бар. Бас дәрігердің өзі «басшымын» деп кабинет төңіректемейді, керісінше күнделікті жұмысының басым бөлігін науқастар жатқан палаталарда өткізеді. Олардың жағдайы қалай, жүргізіліп жатқан емдік шараларға көңілі тола ма, күнделікті бұл сауалдарға жауап алынып отырғаннан кейін кім жұмысына сылбырлық танытады дейсіз? Міне, жұмыстағы жүйе, оң нәтиже осындайdan қалыптасса керек.

Айта кетейік, өткен жылы ауданда өлім-жітім көрсеткіші 2021 жылмен салыстырғанда 45 жағдайға төмендеген. Ал негізгі индикаторлармен жұмыс жасау нәтижесі бойынша сәби өлімі 5 жағдайға төмендеген. Негізгі индикатор жүрек қантамыр ауруларынан болатын өлім-жітім 2021 жылмен салыстырғанда 18 жағдайға азайған. Мамандар мұны Қазақстан Республикасында қанайналым жүйесі аурулары кезінде медициналық көмек көрсетуді жетілдіру жөніндегі 2022-2023 жол картасымен жұмыс жасау нәтижесімен байланыстырып отыр.

Бас дәрігер Еркебулан Мақсұтов аудандық ауруханада маусымдық аурулар бойынша, яғни балалармен ересектер арасында жедел респираторлық вирустық инфекциялар бойынша ауруханаға жедел түсу жағдайлары көбейгенін айтады.



Қазақтан шыққан тұңғыш профессор-математик

Бүгінгі қазақ елінің егемендігі жолында XX ғасырдағы саяси күреске саналы ғұмырын арнаған алаш алыптарының алдыңғы қатарында шоқтығы биік, көкірегі ояу, білімді де зиялы қауым өкілдерінің бірі және бірегейі қазақтың алғашқы математигі, профессор Әлімхан Әбеуұлы Ермеков болатын. Ол 1891 жылы Қарқаралы уезі Темірші болысының №1 ауылындағы ауқатты малшының отбасында дүниеге келген. Атасы Ермек Жиенбаев ұзақ жылдар бойы болыс болған. Әкесі Әбеу Ермеков осы қызметке төрт мәрте тағайындалған. Қызметтегі адалдығы мен жауапкершілігі үшін II және III санатты «Құрмет» шекпеніне лайықты болған.

1899 жылы әкесі Әлімханды Қарқаралыға оқуға әкеледі. Бала орыс тілін білмейтін. Білім жолының жүгі ауыр. Мүмкін сондықтан болар, Г.Есютин, Н.Кокорин, А.Захаров, И.Кожев, И.Соловьев сияқты оқытушылардың, заң мұғалімі А.Шестаков, инспектор Ф.Брутан, пошта басшысы А.Пономорев, фельдшер А.Завялова, училищеге жет келетін уез басшысы Альфред Киництің есімдері бала Әлімханның жадында қалған. Әлімхан Қарқаралыда жер аударылған журналист, «Митрич» деген бүркеншік атпен жазатын Владимир Соколовпен танысады. Олар бір үйде қатар тұрды. Соколов жас Әлімханға орыс тілін үйренуге көмектеседі. 1905 жылы Соколов пен Ермеков Қарқаралыдан кетіп, Семейге барады. Бірінші жер аударылған мерзімі аяқталса, екіншісі ерлер гимназиясына оқуға түседі.

Ол Семейде Ахмет Байтұрсынов, Жақып Ақбаев, Әліхан Бөкейхановпен танысады. Григорий Потанин туралы естіп, біледі.

Семей гимназиясын Ә.Ермеков 1912 жылы алтын медальмен тәмамдайды. Томск технологиялық институтының геологиялық барлау факультетіне оқуға түседі. Томскіде Г.Потанинмен танысады.

1913 жылы Ә.Ермеков «Қазақ» газетіне алғашқы жазбасын жолдайды. Ол 1913 жылдың 8 мамырында жарық көреді. Сондай-ақ 1916 жылдың 8 қазанында жарияланды. Ал 1917 жылдың 22 шілдесінде оның есімі «Сарыарқа» журналында басылған болатын.

Ресейде 1917 жылы революция болғанда ол Технологиялық институттың 5 курсында оқып жүріп, саяси жұмыстарға белсене араласады. 1917-1920 жылы ол Қоғамдық ұйымдардың атқару комитетіне, жұмысшылар, сарбаздар, қырғыз және крестьяндік депутаттар кеңесі атқару комитеті президенті мүшелігіне, Кирвоенробкомға, жалпықыргыз халық кеңесі мен губревкомға мүшелікке сайланады. Осы жылдары Семейдегі облыстық мұғалімдер курстарында математика оқытушысы болып қосымша қызмет атқарды.

Әлімханның мемлекет құрудағы алғашқы қадамы

Қазақ ұлтының патриоттылығы жоғары болды. Кеңестердің жақтаушылары да, «Алаш» ұлттық партиясының ұстанымын жақтаушылар да ел арасында еді. Егер лениндік типтегі жүрескер-революционерлер жайлы көп жазылса, өзге партиялардың іс-әрекеті туралы жазу Ресей империясындағы жағдайды бейтарап бағалауда аса маңызды болмады. Ахуал жедел өзгеріп отырды. Мұны «Дело» газетінде қыркүйек-қазан айларында жарық көрген хабарламадан анық аңғаруға болады.

Ә.Ермеков ревком құрамында болған. Ревком бір-ақ апта өмір сүріп, 3 қазанда Құрылтайшылар кеңесіне сайлау өткізу қарсаңында, облыстағы қазақ халқының атынан Ә.Ермеков облыстық комиссияға сайланады. Ә.Ермеков Құрылтайшылар жиынына «Алаш» партиясының атынан Ә.Бөкейхановтан кейінгі екінші үміткер болып тіркеледі.

Ә.Ермеков Ә.Бөкейханов басшылық жасаған Алаш орда үкіметіне сайланады. «Алаш» партиясының өкілдері Сібір және Түркістан автономиясы, қазақ-қырғыз автономиясы, милиция, Ұлттық кеңес, оқу-ағарту ісі, қазынашылық, сот, ауыл өкімшілігі сияқты мәселелерді көтереді.

Осыған орай Алаш орда үкіметі Совнаркоммен байланыс орнатты. Келіссөздердің нәтижесін «Абай» журналының редакторы Жүсіпбек Аймауытов жариялады.

«Қуаныш құтты болсын! Журналымыз басылып қойғаннан кейін мынадай қуанышты хабар алып, теңдікке, билікке сусаған алаштың ауылын қуантқалы журналдың тысына осы хабарды асығып басып отырмыз. 20 мәрт күні (ескіше) Мәскеудегі Совет өкіметінің басшысы Ленин мен народный комиссар Сталиннен Ә.Бөкейханов, Х.Фаббасов атына телеграмма келді.

«Әр халықтың өз билігін өзіне береміз деп шашқан закон-жарлығымыз әлі сол қалпында, айтқанымыз айтқан. Сіздердің өкілдеріңіз бізге әкеліп тапсырған жалпы қазақ съезінің қаулысын түгілімен қабыл аламыз, жалғыз-ақ Совет өкіметін танысаңыздар. Енді біздің билік береміз деген сөзімізді іске асыру керек. Ол жерлерді тұрған өкімшілікпен бірігіп сөзді шашқырып, автономияны жария қылу жолында болатын комиссия жасаңыздар. Қазақ қамқорлары тезінен комиссиясын жасап, автономиясын жария қылуға асығар деп білеміз. Ендігі бір ниет, бір тіпкекті адамдармен ақылдасып, байлаған сөздеріңізді білдіріңіз» деп Ленин, Сталин қол қойған.

Мәлім болғандай, Совет үкіметі құрмет көрсете отырып, «Алаш» партиясы мүшелеріне кеңшілік көрсетіп, жұмыс істеуіне мүмкіндік берді. Жұмысшы-шаруалардың мүддесін М.Әуезов, М.Саматов, С.Арганчев, А.Байтұрсынов, Ә.Ермеков және басқа да зиялылар қорғады. Міне, бұл туралы Әлімхан Әбеуұлының жазбасы осылай дейді:

«Биліктің губерниялық органын құруды ұйымдастыру үшін 1919 жылдың желтоқсан айында Омскіден Семейге Сибревком мүшесі Косарев келді Бұдан кейін Косаревтің ұсынысымен Ермеков губревком құрамына сайланады...»

16 ақпанда Ермековке білім, жер және заң бөлімін басқару жүктеледі. 6 сәуірде Ә.Ермеков халықтар соттары губсоветінің мүшесі қызметіне тағайындалады. 16 сәуірде Д.Сәрсеновпен бірге Қырғыз өлкесі жоғары билігінің қарамағына Орынборға жіберіледі. Қазақстан-Ресей шекарасы туралы мәселе 1919 жылдан бастап түрлі жиындарда бірнеше мәрте қаралған. Кирвоенревком төрағасы С.Пестковский бекіткен осындай бір жоба 1920 жылдың тамызында Мәскеуде қаралды. Жиынға Қазақстанның өкілі ретінде Ә.Ермеков қатысқан. Шекараны талқылау мәселесінің барысы туралы Әлімхан Әбеуұлының жазбасында былай делінген.

«Мәскеудегі 4-й жұмыс мерзімінде Кирвоенревком мүшелерімен үнемі байланыс жасадым. Автономиялық республика құрылымы мен оның шекарасын белгілеу туралы қажетті нұсқаулықтар алдым. В.Лениннің басшылығымен өткен отырыста Қазақстанның орналасуы туралы баяндама жасадым. Маған дейін Түрік республикасының орналасуы туралы Туркомиссия мүшесі Сафаров ақпарат берді. Ол жер мәселесі жөніндегі реформаны жүзеге асыруды талап етті...»

1920 жылдың тамызы қазақ халқының есінде несімен қалды?

Осы айдың 17 жұлдызында В.Лениннің төрағалығымен өткен Совнарком жиынында бірінші рет Автономиялық Қырғыз Совет Республикасы туралы шешімнің жобасы қаралды. 24 тамызда В.Ленин Автономиялық Қырғыз ССР туралы құжатқа қол қойды. 26 тамыз күні Қырғыз Автономиялық Советтік-социалистік Республикасын құру туралы құжат бекіді. 1920 жылдың қазан айында Орынбордағы Советтердің Бірінші жалпықазақстандық съезінде Қазақ Советтік-социалистік Республикасы жария етілді.

Әлімхан Әбеуұлы кейін Қазақстанның Алтай шекарасымен, Коростелевск дала-сымен шекара бөлсуде Семей және Ақмола облыстарын Қазақстан құрамына енгізуге қатысты. 3 ақпанда Барнауылға КирЦИК мүшесі Тоқжанов, губисполком төрағасының орынбасары Ә.Ермеков және губфино меңгерушісінің орынбасары Титов барды. Коростелевск даласын және Алтай өлкесінің 18 елді мекенін Семей облысының құрамына өткізу туралы мәселе көтерді. Ә.Ермеков қазақ жерін біртұтас республика құрамына қайта енгізуде маңызды рөл атқарды. Өз халқының патриоты, білгірі, көршілес елдермен түсіністігімізді терең білетін Ә.Ермеков тарихи саттің бел ортасынан табылды.

ВЦИК жанындағы Қырғыз өлкесін басқару бойынша Әскери революциялық комитет өкілдігінің мұрағат қорындағы құжаттарда 1920 жылғы 9 тамыздағы Өкілдік қызметкерлерінің тізімі көрсетілген. Алқа төрағасы – Әлімхан Ермеков.

Тоғыз жылдық мектептегі тынымсыз еңбек

Әлімхан Ермековтің 1921 жылғы 1 қыркүйектен 1924 жылғы 1 қыркүйекке дейін Қарқаралы қаласындағы 2 сатылы мектеп директоры болып, математика пәнін оқытқанын растау үшін берілді. Еңбек өтілін осы жылдары мектепте оқыған және жұмыс істеген А.Баймақанов, Р.Таңатов, А.Сәулебеков растайды.

Қарқаралы білім бөлімінің басшысы Иманқұлов. 20 маусым, 1957 жыл. Қарқаралыға қайта оралуы Ермековтің кең тыныстап алуына қажет болды. Қоғамдық жұмыстары қауырт бола түсіп, Технологиялық институттағы оқуын тәмамдау да қажет болды. Әлімхан Әбеуұлы өзін советтік жаңа мектепте сынап көрмек болды. Сондай-ақ диплом қорғауға әзірленді. Жолға шығарында танымал сібір геологі М.Усов қатты сырқаттанып қалды.

«БірдеУсовқаәкіжасадамкелді,тау-көн факультетінің студенті Әлімхан Ермеков және оның жары, жас дәрігер, Томск университеті медициналық факультетінің түлегі Рақия Шағабетдиновна. Олар Михаил Антоновичті Қазақстанға жазғы демалысқа таза ауамен тыныстап, күш-қуат жинауға шақырды. 1921 жылдың шілдесінде олар Баянауылға табан тіреді. Мұнда Ермековтің досы, халық судьясы Қаныш Сәтбаев күшқа жая қарсы алды» **(Қазахстанская правда. Алматы. 1987 жыл, 10 желтоқсан).**

Қарқаралыдағы тоғыз жылдық мектеп – білім берудің жаңа жүйесінің қарлығашы. Оқу орнының екіқабатты жеке ғимараты болғанымен, оқу құралдары, мұғалімдер жетіспеді. Әлімхан Әбеуұлы Томск, Омск, Семей қалаларына барып, тәжірибелі мамандарды іздеп табады. Осылайша, мектепте жұмыс істеуге Б.Винжик-Грудский, С.Кропанин, Д.Юринский, В.Колтыгин, Андрусевич, И.Тарабаев, А.Рязанцева және өзге де мамандар келді. Кітапхана қоры да толыға түсті.

Осы мектеп қабырғасынан Қазақстан

ғалымдары мен қоғам қайраткерлерінің тұтастай шоғыры шыққан болатын.

1923 жылы Ә.Ермеков Томскіде дипломдық жұмысын қорғайды. Ол «геолог-барлаушы» мамандығы бойынша тау-көн инженері дипломын алады. 1924 жылдың 31 наурызында Ә.Ермеков А.Досовтың ұсынысымен Семей губерниялық жоспар комитетінің төрағасының орынбасары болып бекиді.

Ә.Ермеков геолог емес, жүрек қалауымен математик болды. Ол республиканың алғашқы жоғары оқу орындарында математика пәнін оқытып қана қоймай, математика кафедраларын құруға, қазақ тіліндегі оқулықтарды әзірлеуге де ерекше атсалысқан.

1926-1928 жылдары Ташкенттегі Қазақ жоғары педагогикалық институты жаратылыстану-математикалық факультетінің деканы және оқытушысы, 1928 жылы Алматы пединституты және Қазақ университеті математика кафедраларының доценті, 1930-1935 жылдары Алматы ветеринарлық-зоотехникалық институтында доцент, профессор, математика кафедрасының меңгерушісі, 1935-1937 жылдары Алматы тау-көн металлургиялық институты жалпы техникалық факультетінің деканы, математика және теориялық механика кафедрасының меңгерушісі, профессоры қызметтерін атқарды.

1926 жылы және 1929 жылы екі мәрте Қазақ ССР ЦИК-нің 6-7 шақырылымына мүшелікке сайланды.

1935 жылдың 5 қарашасында СССР ЦИК жанындағы Жоғары техникалық білім беру комитетінің Жоғары аттестациялық комиссиясы Ә.Ермековке профессор атағын беруді бекітіп және ғылым докторы ғылыми дәрежесін қорғауға ұсынаған. Әлімхан Әбеуұлы – қазақтың тұңғыш профессор-математигі.

1932-1936 жылдары Әлімхан Әбеуұлы ҚазССР Наркоматжөпумының тапсырмасына орай, өте өзекті мәселені қолға алған. Орта мектептердегі білім беруге қажет болғандықтан, қазақ тіліндегі математикалық терминологиялық сөздікті құрастырған. Қазақ тіліндегі жоғары математика оқулығын да қоса әзірлеген. 1936-1937 жылдары профессор Ә.Ермековтің үш ғылыми жұмысы жарық көрген. «Жоғары математика курсының» екінші бөлімі де әзірленді. Бірақ еңбегі жарыққа шықпады. 1966 жылы «Первая кузница инженерных кадров Казахстана» кітабы жарық көрді. Онда Қазақ политехникалық институтының 30 жылдық тарихы мен Ә.Ермековтің биографиясынан сары шертілген.

Қазақ арысы қандай жаланың құрбаны болды?

1936-1937 жылдары Алматыға ғалымдарды кудалаудың толқыны жетті. Жиындарда сол кезеңнің ең жаттанды сөздері – «халық жауы», «сатқын» деген сөздері жиі айтылды. Бұған қоса 1937 жылдың 2 тамызында Әлімханның немере әпкесінің күйеуі Темірбек Жүргенов тұтқындалды. Ә.Ермеков өзіне төнген қатерден қорғану үшін Мәскеуге жол тартты. РСФСР Мемлекеттік жоспарының бас басқармасы оны Куйбышев жоспарлау институтына математика және математикалық статистика кафедрасына меңгеруші етіп жібереді. Бірақ 1938 жылдың ақпанында Ә.Ермеков қамауға алынады.

Әлімхан Әбеуұлы Қарағандыға келгенде өзінің тұтқынға алыну себебін сұрағандарға СССР-дың бас әскери прокурорына жазған өтінішін оқытатын. Онда төмендегідей жазылған:

«Хаттамада көрсетілген жаланың орынсыздығы соншалық кассациялық инстанция – Жоғарғы соттың әскери алқасы ЦД-нің Әскери Трибуналының шешімін қате деп тануына тура келді».

Ә.Ермеков 1947 жылы Воркута лагерлерінде 9 жыл жазасын өтеп, Қазақстанға қайта оралды. Жұмысқа орналасуы үшін, профессор В.Романскийге ұсыныс жаздыры: «Мен Ермековті білімі терең, жан-жақты адам, адал еңбек иесі, көз келген ЖОО-да сабақ бере алатын білікті математик ретінде бұрыннан танимын. Ол докторлық диссертациясын қорғауға ерекше дайындалды. Менің ойымша, егер оған кейбір сыртқы жағдайлар кедергі болмағанда ол диссертациясын жазып шығушы еді».

Әлімхан Әбеуұлы Шымкент технологиялық институтына кафедра меңгерушісінің міндетін атқарушы болып орналасады.

Бірақ 1948 жылдың 4 желтоқсанында Ермеков қайта қамауға алынады. Жабылған жала – 58 (1А), 58 (2) бәптары бойынша жазасын өтеген тұлғалар СССР ІІМ шешіміне орай, қайта оқшауландырылады. Ермеков жата жеті жылын Канска және Тайшета түрмелерінде өткізеді. Ақыры, СССР Прокуратурасының, ІІМ және КГБ-ның шешімімен 1955 жылдың 7 наурызында Ә.Ермеков бостандыққа шығады. Тұрлықты жері ретінде өзінің ұлы Мағауияның отбасы тұратын Қарағандыны таңдаған.

Ә.Ермековке өмірді қайта бастау кезеңі туады. Математика саласындағы жүзеге аспаған еңбектерін қайта қолға алады. Қарағанды тау-көн институты



математика кафедрасының доценті қызметін Әлімхан Әбеуұлы үш-ақ жыл атқарды. Денсаулығына байланысты 67 жасында жұмыс орнынан кетті.

Хрущевтік жылымық жылдар революция жылдарындағы замандастар есімін қайта жаңғыртудың үміт отын жақты. Бірақ әдетінше тарихтың кейбір беттері жабулы күйінде қалды. Әлімхан Ермеков қуғынға ұшыраған қазақ зиялыларының ісінен ешбір қылмысты көре алмады. Жаза олардың жақындарын да айналып өтпеді. Әлімхан Әбеуұлының жары Рақия да 8 жылға оқшауландырылып, сол жылдарын Соловьевдегі орман кесу шаруашылығында өткізді. Ермековтің қарындасы Дәмеш Жүргенова да (1905-1990) зардап шекті. «Халық жауы» Темірбек Жүргеновтің әйелі ретінде, 1938-1946 жылдары Қарлаг-та жазасын өтеді.

Әлімханның артында қандай мұра қалды?

Әлімхан Әбеуұлы жасы ұлғайған шағында мемуарлар жазуды қолға алды. Бірақ тым сирек жазды. Бүгінгі күні профессор-математик Ә.Ермековтің мұрағатында химия және математика пәндерінен дерістер, автобиографиялар, В.Ленинмен кездесулері туралы естеліктері, түрлі жарияланымдары сақталған. Отызыншы-қырықыншы жылдары жойылғанына байланысты фотосуреттері тым аз сақталған. Осы деректерді сақтап, жүйелеуде баласы Мағауия Әлімханұлының еңбектері зор. Ол әке жолын қуды. Профессор, геология-минералды ғылымдар докторы, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, КПТИ-де көп жылдар бойы кафедра меңгерушісі болған.

Ә.Ермековтің есімі мен еңбегінің жаңғыруы Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу кезеңімен тұспа-тұс келді. Қарағандыда және Қарқаралыда Әлімхан Ермековтің атындағы көшелер бар. Политехникалық университет қабырғасындағы мемориалдық тақта қабырғасындағы еңбек жылдарынан сыр шертеді. Тақта 1993 жылы ашылған. Сондай-ақ Қарағанды қаласында Ленин көшесі, 58 үй, 8 пәтер бар. Дәл осы мекен-жайда Әлімхан Әбеуұлы өмірінің соңғы таңын қарсы алған. Тұрғылықты жері жайлы профессор әзілін де ойлап тауып, көзін көргендер бұл сөзін жатқа айтып жүрген.

– Маған 58 статьяны 8 пунктпен жазды. Енді, үй мен пәтер де осындай немірлермен бұйырды. Өзімнің өткенімді ұмытпауым үшін...

«Ә.Ермеков өмірден өткен соң, 1973 жылы мен «Простор» журналының редакциясына «Последнее путешествие Григория Потанина» тақырыбындағы очеркімнің бірінші нұсқасын әкеліп бердім» деп жазған өз естелігінде Ә.Ермековтың университеттегі шөкірті, ғалым Ю.Попов.

Александр Смоиленкоға жолықтым. Ол очеркті бірден оқып шықты. Очеркті ұнатты, бірақ, «Алаш орда» партиясының бұрынғы көсемі Ә.Ермековтің есімі мен өмірінің мақалада жазылуына күманмен қарады. Сөйтіп, журналдың редакторы Иван Шуховқа очеркті көрсетті де жағымды жаналығын айтты. Журналдың сол жылғы қараша айындағы нөміріне басылатынын жеткізді.

Очерк еш өзгеріссіз жарық көрді. Осылайша, мен үлкен басылымдарға мақала жазудағы алғашқы қадамымды жасадым.

Мен куандым. Ал Шуховтың басына күн туды. «Халық жауы» Ә.Ермековтің студенттік өміріне дейін жариялаған журналға зиянды материалдар басылады деген киім тағылды.

Шуховты ЦҚ-ға шақырды. Ол өзімен бірге менің түсіндірмелік жазбаларым жинақталған папканы ала барыпты. Осылайша, Иван Петрович журналда очерктің жарық көруі себебін айқындап берген.

Кейін Алматыға барғанымда Самойленко мен Шуховпен жүздестірді. Танымал жазушының бірінші көруім еді. Мына сөздері жазымда сақталды:

– Жазыңдар! Мен Ермековті және сені қорғап сөйлеймін. Шындыққа күйе жақпаңдар. Тұрасын жазыңдар...

Әлекеңнің ұлы, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі Мағауия Ермеков (1921-2006) ҚР ҒА ХМИ-де қызмет атқарды. Мағауия Әлімханұлы өз очеркін «Мой отец – Алимхан Абеуович Ермеков» деп атады.

2012 жылы тарих ғылымдарының докторы, ҚР БҒМ Мемлекет тарихы институты директорының бірінші орынбасары Ж.Жұдыралына «Знаменитые люди великой степи» сериясында Ә.Ермековтің өмірбаянын жариялады. Автор Қарқаралы даласынан шыққан мемлекеттік тұлғаның әрі математик ғалымын жеке қасиетінің жарқын қырларын аша білген. Быыл даңқты Алаш алыптарының бірі Әлімхан Әбеуұлы Ермековтың туғанына – 125 жыл толып отыр. Қазақ бар жерде Алаш қайраткері, математик ғалым, алғашқы профессор Әлімхан Әбеуұлы Ермековтың есімі ұмытылмайды.

Рысбай КӘРІМОВ, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Жалағаш ауданының Құрметті азаматы

Дәстүр

Байғазы – жасөспірімдер жаңа киім кигенде орындалатын халқымыздың бағзы заманнан келе жатқан салты. Үлкендер жағынан балалардың алатын сыйы. Ауыл үйлерін еркін аралауға жарап қалған жас балаларды жаңа киім киген күні «байғазыңды алып қайт» деп көрші-көлемнің, туыс-жақындарының үйіне жүгіртіп жібереді. Алақайлап қуанған бала ол үйлерге барып жаңа киімін көрсетеді. Балалар өз бұйымтайларын өлең жолдарымен былайша білдіреді:

Байғазы



Киімімді көріңіз,
Етегіме тегіңіз,
Барар жерім әлі көп,
Байғазымды беріңіз!

Сондай керемет сәтте үй ішінде үлкендер отырса баланы бір шолып шығып «өте жарасымды!» , «өзіңе қыуып қойғандай жарасымды» деген жылы лебіздерін білдіреді. Ең гажабы баланың жаңа киіміне байғазы ретінде қолда бар ақшасын немесе маржандар тағып береді. Ол бір жағынан қолдан тіккен киімге әсемдік берсе, енді бір жағынан көм жерлерін толықтау мақсатында қадалады. Өйткені көшпелі уақытта қолда бардан тігілген киім болған соң кейбір түімесі, алпыншақ-салпыншақтары кем болып қалуы да мүмкін ғой, байғазы берушілер соған да қарайды екен.

Қазақ «байғазы» деп келген жеткіншектің мәселін қайтармайды. Тіпті ештеңе болмай қалса қолына бауырсақ, кемпит ұстатып, «байғазың мойнымда» деп, байғазы сұраушы үл бала болса «байғазыңа байдың қызы» деген секілді сөздермен қайтарады. Артынан міндетті түрде сыйлық боларлықтай бір нәрсе береді.

Бұл салт бала қуанышымен бөлісіп, көделі сыйлық бере отырып, оның психологиясында киім киюдің өзінде үлкендердің тағламынан шығу талпынысын тудырады. Сонымен бірге айнала көршілердің өзара ынтымақ-берекесіне де оқ ықпалын тигізеді.

Қазақтың осындай көделі сый-сияпаты балалардың көңілін көтеріп, айналамен қарым-қатынасына игі ықпалын тигізеді.

«ЖЖ» ақпарат

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

“Қазақстан Республикасының Жер кодексі” Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы кодексінің 17, 84-баптарына және “Мемлекеттік мүлік туралы” Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына сәйкес Жалағаш ауданының өкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. “Жайлы мектеп” жобасы аясында салынатын жаңа 300 орындық мектеп құрылысын салу қажеттілігіне байланысты, Еспанов Алмас Манарбековичті Жалағаш кенті, Абай көшесінде орналасқан жеке меншік құқығындағы 10-148-001-1783 кадастрлік нөмірлі, жалпы алаңы 1,3771 гектар жер учаскесінің 1,10 гектар бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару күні 2023 жылдың 24 сәуірі болып белгіленсін.

2. Жалағаш ауданының қоғамдық даму бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде аудан өкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарына жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Жалағаш ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарына жарияланғаннан кейін, күнтізбелік үш күннен кешіктірмей Еспанов Алмас Манарбековичке жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы жазбаша хабарламаны және жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін сатып алу туралы шарттың жобасын қоса тіркеп, пошта арқылы жіберсін.

МЕДИЦИНА – ХАЛЫҚ САУЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

Қазір бірен-саран ғана кездесетін аты жаман ауруларды айтпағанда, медицинаның көптеген ауруға төтеп беруге қауқары жетеді, мүмкіндік те бар. Бірақ заман дамып, жаңа медициналық құрылғылар пайда болған сайын осы сала қызметкерлеріне артылатын жүк ауырлай түсті. Өйткені денсаулық сақтау саласына келген әрбір маман тек күнкеріс қамы деп емес, адам өмірінің арашашысы екенін жете түсініп келуі керек. Ал сол ақ халаттылардың кәсіби біліктілігі дертіне дауа іздеген мыңдаған адамның салауатты өмір салтына қайта оралуына себеп болмақ.



Газетімізге көлемді әрі тұщымды мақалалар жариялап жүрген тұрақты авторымыз, қаламы қарымды қаламгер Рысбай Қарімов ағамыздың денсаулығы сыр беріп, аудандық ауруханаға түскенін естідік. Аға буын алдындағы кішілік ізетімізді білдіріп, әрі ағамыздың хал-жағдайын білмейік деп ауруханаға бардық. Білгеніміздей, Рысбай ағамыз терапия бөліміне осыдан екі-үш күн бұрын түсіпті. Азын-аулақ еңгіме арасында тарихты да қозғаған ағамыз, ақ халатты абзал жандардың еңбегін де, ауданда бой көтерген жаңа аурухананың да игілікке берілуіне тоқталды. «Дамыған елдердің тәжірибелерін меңгеру арқылы озық елдердің қатарына өнуді мақсат тұтқан еліміз соңғы жылдары денсаулық сақтау саласына аса мән беріп келеді. Нәтижесінде жыл сайын салада өзгерістер орын алып, тіпті шалға аяуандардағы емханаларға заманауи аппараттар үлестірілуде. Ал мемлекеттің басты байлығы адам десек, әрбіріміздің денсаулығымызды бақылайтын ақ халатты абзал жандардың қоғам алдындағы еңбегі еселі» деген Рысбай ағамыз бұлай айтуының жөні бар. Байқағанымыздай, ақсақалдың жанында жағдайын жасап, сәт сайын қан қысымын өлшеп, ем-домын жасап жүрген медбикелердің еңбегі көзге көрініп-ақ тұр.

Аудандық ауруханаға бас сұққан соң ең күрделі бөлім – терапия бөлімінің тыныс-тіршілігімен таныса кетуді де жөн көрдік. Абзал жандардың тығыз жұмыс кестесін, олардың еңбегін көзбен көріп, бөлімнің әрбір палатасын, емдік бөлмелерін аралап шықтық. Айта көтейік, жаңа аурухана ашылғанда «Ел игілігіне берілді» деп қалпағымызды аспанға атып қуағанымыз рас, бірнеше мәрте газет бетінде сүйіншіледік те. Адамды ауыртпасын

дейміз, бірақ палаталардағы науқастармен азды-кем сұқбаттасқанда расымен игілікке берілген нысан екеніне тағы да көз жетті. Олардың ақ халаттыларға айтар алғысы шексіз, жағдайымыз да жақсы дейді. Барлық жағдай жасалғанын, сапалы медициналық қызмет көрсетілетінін және дәрігерлердің ерекше ықыласпен қарайтынын айтады. Жылы әрі жарық бөлмеде алған еміміз де қонымды, жанымыз тыныш дейді.

Терапия бөлімінің бөлім меңгерушісі Әзізбек Жәмкеев екен. Жалпы терапия бөлімінде 2 пост бар, 3 дәрігер, 1 аға медбике, жалпы медбикелер саны 17, кіші аяқандар 14. Бөлімше 28 төсек орыннан тұрады. Оның ішінде 8 кардиологиялық, 10 неврологиялық, 7 терапиялық, 3 ревматологиялық төсек орын. Ал терапияның күндізгі стационарында 15 төсек орын бар. Ақылы палата 1 орын. Барлық бөлмелер кең, таза, жылы сүмен қамтамасыз етілген. Әрбір палата 2-4 орындық. Әсіресе риза болғанымыз аурухана мен емхана аралығына жабдық жолмен өтуге болатындығы. Емханадан жақетті дәрігерлер ауруханаға баратын болса, айналып жүрмей-ақ жаңағы аспалы қатынас жолмен барып келе береді. Дені сау адам қоғамның басты байлығы деп, бұрынғы ғалымдар айтып кеткен. Осы жолда қазірдің өзінде дәрігерлер белсенді кірісіп жұмыс жасауда. Соның бірін мысалға алсақ, терапия бөлімі осы кездері халық денсаулығын сақтау және қорғау барысында айтарлықтай жақсы жұмыстар атқарып жатқаны белгілі. 2021 жылы терапия бөліміне 1002 науқас түскен. Емделіп жазылып шыққан науқастар саны 969 адам болған. Ал бытырғы жылдың 5 айының өзінде осы бөлімге түскен науқас саны 611 болса, емделіп шыққаны 603

науқас болыпты. Міне көріп отырсыздар дәрігерлер мен медбикелер, медағалар, шаруашылық аяжаны, аспазшы және кіші аяқандарға қаншама ауырлық болған. Әсіресе кіші аяқандардың еңбектері ерекше деп айтар едік. Егде кісілердің жүріп тұру қиын болатындығы белгілі. Әсіресе қайта қалпына келтіруге жатқан нақастарға көмектөкежетеді. Жуындыру, әжетханаға апару, арбамен тасымалдау сияқты сан-қилы жұмыстар атқарылады. Осындай күндіз-түні еңбек еткен денсаулық сақшыларының бір жақты ғана көрінісі. Келген науқастар әртүрлі жастағы адамдар, оның ішінде егде жастағы науқастар үшін күтімі ем-домы күрделірек болады. Әркім өз ойымен денсаулық сақшыларының еңбектерін ойша салыстырса көздері жетер еді.

– Медицина саласындағы басты мақсат – Қазақстан халқының денсаулығын сақтау, ескеңде ұрпақтың саулығын қамтамасыз ету ісіне озық технологиялар енгізу, ауылдағы медициналық қызметтердің сапасын арттыру болып табылады. Осы бағытта халқымыздың дені сау ұлт болып өсіп-жетілуі жолындағы ақ халатты абзал жандардың еңбегі зор дер едім. Әсіресе кешегідей індет жайлағанда, ел басына күн туғанда, сын сағатта жауапкершіліктен қашпай, еш мойымай бар күш-жігерін елдің амандығы жолында жұмсаған да дәрігерлер қауымы болды. Сол сәттердегі осы терапия бөлімінің, осындағы ақ халаттылардың қалай қауырт жұмыс жасағанын мен білемін. Өзім де дәрігер деген ардақ атты арқалап жүргендіктен, жауапкершіліктің бәрінен маңызды, ал адам өмірі ең қымбат екенін жақсы түсінемін. Кәсіби біліктілікті

үнемі арттырып отыру, мамандықтың қыр-сырын меңгерумен қатар жауапкершілікті үнемі сезіне білу және ең бастысы уақытпен санаспай жұмыс жасай білу маңызды.

Жалпы біздің терапия бөлімі күрделі. Мұнда көптеген диагноздағы науқастар емделеді. Мәселен, жүректің ишемиялық ауруы, артериялық гипертензия, өкпенің созылмалы обструктивті аурулары, бронх демікпесі, қант диабеті, анемияның ауыр дәрежелі түрлері, ревматологиялық аурулар, цереброваскулярлы ауру мен дисциркуляторлы энцефалопатия, ми қан айналымының жедел бұзылысының салдары, эпилепсия, бел омыртқаларының остеохондрозы, протрузиясы, грыжасы және созылмалы пиелонефрит, созылмалы холецистит пен созылмалы панкреатит сияқты көптеген ауру түрлері бойынша ем-дом жасаймыз. Дегенмен бөлім күрделі болғанымен, мамандар жеткілікті деп айта аламын. Білікті дәрігерлер де, жұмысына жауапты медбикелер де бар. Осында келіп түскен әрбір науқастың аман-есен үйіне оралуына және ауруханадан шығарда тек алғыс айтып кетуіне күш саламыз, – деген терапия бөлімінің меңгерушісі Әзізбек Жәмкеев ақ халатты абзал жандар деген атқа лайықты болу әр медицина қызметкерінің міндеті екенін айтады.

Осындай күрделі бөлімге меңгерушілік етіп отырған Әзізбек Смағұллы еңбек жолын 2009 жылы аймақтық дәрігер, бөлім меңгерушісі болудан бастапты. Одан кейін Алматыда білімін жетілдіріп, невропатолог мамандығын алып шыққан. 2016 жылдан бастап невропатолог дәрігер болса, қазіргі таңда аудандық аурухананың терапия бөліміндегі меңгерушісі. Бөлімдегі 26 науқас

толық әрі өз дәрежесінде ем қабылдап жатыр екен. Айта көтейік, бытыр осы терапия бөлімінен ақылы 1 орындық палата ашылған. Мұнда еркіт түрде ақылы қызмет аламын, толық ақылы төксеруден өткім келеді деген кез келген адам медициналық көмекке қол жеткізе алады.

Міне 3 қабатты аурухана ғимараты осы заманға сай салынып, жабдықталған. Жоғары білімді дәрігерлер де жыл өткен сайын көптеп келуде. Түптеп келгенде біздің ең қымбат байлығымыз – өміріміз осы сала қызметкерлерінің кәсібиліктеріне байланысты. Сондықтан да бұл сала иелеріне үлкен жауапкершілік жүктеледі. Басы ауырып, балтыры сыздаған жанның жанына дауа, дертіне шипа бола алатын да осы сала қызметкерлері. Ал денсаулық сақтау саласында талай жыл тапжылмай тер төгіп, еңбегімен елдің ыстық ықыласына бөленіп жүрген білікті жандардың жүріп өткен жолы көпке үлгі деуге болады. Сөбебі тіршілікке нәр беріп, қалтқысыз қызметін ұсынып, мейірімділік пен жылылықты жанына серік еткен, игілікті мамандық иесі атанған олар қашанда сый-құрметке лайық.

Жалпы халық үшін ең маңызды сала – денсаулық сақтау саласында біраз жетістік, ауқымды шаралар жасалды. Соңғы жылдарда апатты жағдайдағы ғимараттардың орнына жаңадан денсаулық сақтау нысандары салынды. Сонымен бірге облыста алғашқы медициналық-санитарлық көмек нысандарының бірқатары жаңғыртылған. Облыс экономикасын қарқынды дамытуда біздің аудан да шет қалып отырған жоқ. Ауданға қарасты елді мекендердегі медициналық көмек беретін орындар жаңғыртылды, күрделі жөндеуден өтті, пайдалануға берілді. Соның нәтижесінде ауылдық жерлер тұрғындарына да талапқа сай медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік туды.

Аудандағы орталық аурухана ғимараты заманға сай жабдықталып, жасакталып, жаңа үлгімен бой көтерді. Аудан халқының көптен бергі көкейінде жүрген мәселе шешімін тапты. Кең әрі жаңа ауруханада енді жалағаштықтар сапалы медициналық көмек алуда. Дәрігерлер де жыл сайын біліктіліктерін арттырып, адам өміріне деген жауапкершіліктерін сезіне біледі. Кешегі індет жайлаған кезеңде де ауданның ақ халаттылары табандылық танытып, күн-түн демей, уақытпен санаспай жұмыс жасады. Барлық ауырған індет жұқтырған науқастардың аман-есен отбасына қайта оралуына күш салды. Қашанда адам өмірі бәрінен қымбат дейтін абзал жандармен жолыққанда да мамандықтарына деген адалдықты мен кәсібиліктеріне тағы бір көз жеткіземіз.

Нұржамала АЛМАСҚЫЗЫ

Обал мен киеден қорқушы едік...

«Адамнан өткен жыртқыш жоқ» дегенді естісек, біріміз ренжейміз, біріміздің денеміз түршігіп кетеді. Енді біріміз бұны іштей болса да амалсыз мойындаймыз. Рас, адамнан өткен жыртқыш жоқ және сол тағылық сезім адамның бойынан ашыққанда ғана емес, көбіне құмарлықтан ояматыны қорқынышты. Иә, қанқұмарлықтан.

Аңшылық десе, менің есіме бұдан ширек ғасыр бұрын естіген бір жантүршігерлік оқиға түседі. Жаздың әлемі түні. Қызылқұмдағы жайлау. Жылдағы әдетпен жазғы демалысымда жездем мен аламының үйіне қыдырып барғанмын. Төртінші сыныпты бітіріп, бесіншіге көшетін жылым. Естиярмын. Бір күні кешке Өзбекстан жағынан бір келік келді. Төрт-бес адам. Қазақтың үйі ғой деп қонаға келген. Қайда бара жатқаны, не жұмыспен жүргені есімде жоқ.

Кешкі ас ішіп болған соң май шамның жарығында қауқылдасып отырғандардың еңгімесінің ауаны аңшылыққа бұрылды. Әлгілердің бірі аңшы екен. Аңшы болғанда, көзіне көрінген аңды үйірімен аяусыз жусатып салатын браконьер болып шықты. Аңшылық жайында еңгіме басталғанда-ақ дүр сілкініп қаның иісін сезген жыртқыштай көзі жапың кетті. Айтуынша, жастайынан мылтық аттыпты. Бір жылы дария бойында бір апта жатып мыңға жуық қоян атқанын айтты. Біреу-екеу немесе бес-алтау емес, мыңға жуық. Обал-ай! Көзіміздің алдына ұлпа терілері қызыл қанға малынып, құлақтары қалқып, көздері бағанадай болып бірінің үстіне бірі шығып тау болып үйіліп жатқан өлі қояндар елестеп, бойымды бір сәт үрей билеп алды. Ол да ештеңе емес, еститін сұмдығымыз алда екен. Әлгі жауыз өртеректе ақбөкенді қынадай қырыпты. Бір көктемде Қарақұмға барыпты. Киіктің төлдеп, лағын өргізетін кезі болса керек. Жүк көлігімен заулатып келе жатқанда алдарындағы бір ойпаттан азан-қазан маңыраған дауыстар естіледі. Бұл жүргізушіге көлікті солай бұрғызады. Әлгі тұсқа жеткенде ақбөкендердің төлдеп жатқанының үстінен түседі. Жүздеген киіктің бір мезетте, бір жерде туып, өретіні бұрында да үлкендерден естүші едік. Әлгі қаныпезер «Құдай берді деген осы» деп алақанын ысқылап жіберіп, мылтығын алып көліктен секіріп түседі. Көздері мөлдіреген киелі жануарлардың аналық сезімі адамнан кем болмайды екен ғой, өз басына қатер төнсе де, жаңа туған лағын тастап кете

алмай айналшықтап жүргенде қандықол қаныпезер шетінен қырып салыпты. Осы еңгімені ол соңшалықты ләліріп мақтанышпен айтты. Қасындағы жолдастары түр берген жоқ. Жездем мен алам тыжырылып қалды. Менің зәрем зәр түбіне кетті. Алакөлекке киіз үйдің ішінде көз алдымнан неше түрлі сұмдық суреттер көлбөңдеді. Көудесі қанға боялып, ауыздары ырсып қалған аналық ақбөкендер, денесі қорғасын бытыралардан шұрқ-тесік болған жаңа туған төлдері, қос ауызды ұңғысының үңірейген тесіктерінен оқ боратып, сақ-сақ күліп тұрған қаныпезер... Бойымды билеген қорқынышпен бірге жүректен аяныш сезімі бас көтеріп, жанарым жасқа толып кетті. Әйтеуір, бір жақсысы, сығырайған майшамның өлеусіреген сәулесінен оны ешкім байқап қойған жоқ...

Сол оқиға өзім күз болғандай көз алдымда қалып қойды. Әлі күнге дейін есіме түссе, тула-бойым түршігіп кетеді. Қазір саны азайып, жоғалуға айналған аң-құстарды аулауға заңмен тқатан тиым салынды ғой. Бір кездері Қазақстанның қай қиырына барсаң да миллиондап кездесетін аң-құстың көбі бүгінде «Қызыл кітапқа» енді. Бірақ, соның өзінде тұқымы түздай құрып бара жатқан аң-құстар өлі де өлпіндеді қандықол браконьерлердің қарауылына ілініп жүр. Бала күнімізде үлкендер «аңның киесі, обалы болады. Аңның обалына қалып, киесіне ұшыраған адам түбінде оңбайды» деп отыратын. Бірақ, қай заманда да қарақшылық жолмен пайда табатын қанқұмарлардың түсінігінде «обал», «сауап» деген ұғымдар жоқ қой...

Иә, қазақ халқы аңшылықты ежелден кәсіп қылған. Тіпті аңға шыққанда ер азаматтардың мергендігі, батылдығы, елтілігі және күші сыналған. Ата-бабаларымыз да артынан өрген ұрпағын аңшылыққа баулыған. Бірақ, қаныпезерлікке емес. Үлкендер жастарға жүргізген аң үш қанан құстың обалы болатынын айтып, оларды жөңсіз, қиспасыз қыруға тиым салып отырыпты. Тіпті тұз тағыларын тірілей ұстап



алып азаптап, қинап өлтірген адамды ауыр жазға тартыпты.

Кешпелі халықтың тұрмысы төрт түлікке төуелді болған соң, олар қасқырдың өзін малын аман сақтау үшін аулаған. Қорадағы, қотандағы, өрістегі малдарына шауып, тыныштық бермеген қасқырлардың тек ішіндегі арпаң, абаданын ғана қақпамен қолға түсірген. Күшіктенген аналық қаншық-құртқаны және күшіктерін өлтірмеген. Бұл да халқымыздың тылсым табиғатпен тіл табысып, үйлесімді өмір сүргенін көрсетеді.

«Қансонарда бүркітші шығады аңға, Тастан түлкі табылар андығанға». Бала күнімізден беріміз жаттап өскен Абайдың осы өлеңі қысты күні аңшылықты көз алдына әкеледі. Өлеңнің аты «Қансонар». Бірақ, өлеңді оқып отырып мұрыңа қанның иісі келмейді, көзіңе қанға боялып, қырылып қалған аңдар елестемейді. Керісінше, көз алдында қыстың бір сиқырлы көрінісі оянады. Жаңа жауған ұлпа қар, кіршіксіз аппақ табиғат. Сән-салтанаты жарасып, тау мен тастан түлкі қаққан аттылы адамдар.

Қазақтар ежелден аңшылық қылып, саят құрған. Бірақ, бүгінде қолына қаршыға

қондырып, тазы жүгірткен саятшылар жоқ. Бұл өңірдегі бүркітшінің соңы өткен ғасырдың сексенінші жылдары дүниеден өтіпті. Одан кейін құсбегілерді көргенім де, естегенім де жоқ. Сол бүркітші Әбдірашид әкеміз әр аңшылық сапарында қанжығасына екі аңнан артық байламайды екен және бүркітінің шеңгеліне ілінген аңды қызықтап, қинамай, үнемі жамбасында жүретін өткір көздігімен лезде мауыздап тастайтын болыпты. Бұл да аңның обалынан, киесінен қорқау...

Бұқарбай батыр ауылында Алданазаров Жоламан деген газетіміздің тұрақты авторы болды. Үнемі мойнына кәсіби фотоаппаратын іліп жүруші еді. Өзі ауылындағы «Бұқарбай батыр» музейінің меңгерушісі болған соң, аудан орталығында өтетін рухани шаралардан қалмайтын. Редакцияға да жиі келетін. Қай жылы екені есімде жоқ, жаңа жылдың алғашқы күндерінің бірінде редакцияға Жоламан ағамыз келді. Келсе, бос келмейді, тарихи-танымдық мақала әкеледі. Амандық-саулықтан соң «Аға, бұл жолы не әкелдіңіз?», – дедім. Өдетінше, көзін сығырайта бір жыммып алды да «Мен бұл жолы сендерге қоян-қыраулы алып

келдім. Кеше түнімен қар жауып, таңертең аңға шығып едім», – деді. Қолы бос. Иығына фотоаппаратын іліп алған. Менің көзім айналасынан даланың аң-құсын іздеп кеткенін аңғарды ма «Қуатжан, мен аңға мылтықпен шықпаймын ғой. Міне, мынаумен шығамын. Менің мылтығым осы», – деп фотоаппаратын бір сипап қойды. Сол кезде барып түсіндім. Шығармашылық адамы сезімтал келеді ғой. Жоламан ағамызға қыстың қалың болып түскен алғашқы қары қатты әсер етіп, таңданынан фотоаппаратын алып жауапты табиғат асына шығып кеткен. Түсірген суретіне таң-тамаша қалдық. Расымен, бұтаның түбінде түбті үлгілдеп шоқыып отырған қоян, жиденің басында қонақтап тұрған қызылдық-жасылдық қырауылдың құлпырған қоразы, ең ерісі қалықтап жүрген қарғаны да қолындағы «қаруының» қарауылына іліндіріпті. Жоламан Алданазаровтың сол шедеврлерін қыс бойы газеттің әр нөміріне «Табиғат тамашалары» деген айдармен бергеніміз есімде қалыпты...

Қуат АДИС

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3097 Тапсырыс № 28